



Сыртқы саясаттағы серпінді сабақтастық



Сурет: «Егемен Қазақстан» арнайы атындағы

Еңбек жолын сыртқы саясаттан бастаған Қасым-Жомарт Кемелұлы Президент болып сайланғаннан кейін саладағы сабақтастықты тың серпінмен жалғастырып, сарабал саясаткер екенін танытты.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауалды бағдарламасында көпвекторлық қағидасын ұстана отырып, стратегиялық серіктес мемлекеттермен – Ресей, Қытай, АҚШ, Орталық Азия елдерімен, Еуропалық одақ, Азия және Таяу Шығыс мемлекеттерімен тең, достық қарым-қатынасты, сонымен қатар БҰҰ, ТМД, ЕАЭО, ШЫҰ, ЕҚЫҰ, АӨСШК секілді басқа да халықаралық ұйымдармен байланысты нығайта түсетінін мәлімдеген-ді.

Президент ретіндегі алғашқы шетелдік сапарын Ресейден бастады. Мұның себептері жетерлік. Әлемде құрлықтағы ең ұзын ортақ шекара, бір экономикалық ұйым аясындағы одақтастар, көрші, стратегиялық әріптес. Қазақстанның сауда айналымындағы Ресейдің меншікті үлесі 19 пайызды құрайды. Инвестициялық ынтымақтастық қарқынды дамып келеді. Елімізде ресейліктер қаржы құйған 9 мыңнан астам кәсіпорын табысты жұмыс істеп отыр. Мұның бәрі, әрине ескерілді.

Осы орайда Ресей Президенті Владимир Путиннің Қасым-Жомарт Тоқаевтың Мемлекет басшысы ретінде Ресейге алғашқы сапарына символдық мән бергенін айта кеткен жөн. «Сіз қарым-қатынасымыздың деңгейін білесіз және өзіңіз де бұған көп үлес қостыңыз. Сіздің бүгінгі сапарыңыз кең ауқымдағы екіжақты одақтастық байланыстарымызды нығайтуға септігін тигізетініне сенімдімін», деген еді В.Путин.

Екінші шетелдік сапар Өзбекстанда жалғасты. Бауырлас мемлекет әрі Орталық Азиядағы іргелі ел. Экономикалық байланыс та жаңа кезеңге қадам басып келеді. Мәселен, былтыр тауар айналымы 2,5 миллиард долларға жетті. Өзбекстанға сапары барысында оның көлемін 5 миллиард долларға жеткізуге уағдаласты. Сондай-ақ 2019 жыл «Қазақстанның Өзбекстандағы жылы» болып жарияланды. Бұл – екі ел арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңге аяқ басқанын көрсетеді.

Келесі сапарлардың Қырғызстан мен Тәжікстанда жалғасуының да маңызы зор. Біріншіден, Бішкекте Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы өтті. Бүгінде ШЫҰ халықаралық аренада айтары бар іргелі ұйымға айналғаны белгілі. Қазіргі таңда оған Еуразия құрлығындағы көптеген мемлекет мүшелікке өтті. Бұл жолғы жиында ұйымға мүше мемлекеттердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығы талқыланды. Қазіргідей алмағайып заманда аймақтағы тыныштық кімкімге де керек. Қысқаша айтқанда, аталған ұйымның Қазақстан сыртқы саясатындағы алар орны ерекше.

Бұдан бөлек, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хатшылығы мен «Астана» халықаралық қаржы орталығы Меморандумға қол қойды. Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбековпен, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен, сондай-ақ Ауғанстан Ислам Республикасының Президенті Мұхаммед Ашраф Ғанимен екіжақты кездесулер өткізді.

Ал Душанбеде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің кезекті саммитіне қатысты. Сонымен қатар Қатар Әмірі Тамим бен Хамад Әл Танимен, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонмен, Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоғанмен кездесті.

Таяуда Қ.Тоқаев Қытайға мемлекеттік сапармен барып қайтты. Мұның да өз себебі бар. Қытай – көршілес жатқан, әлемнің алып экономикасының бірі. Елімізге келетін тауардың басым бөлігі де осы елге тиесілі. Қытай – Қазақстанның сыртқы сауда және экономика саласындағы аса ірі серіктестерінің бірі. Екі ел арасындағы сауда айналымы былтыр 11,4 пайызға артып, 12 миллиард долларға жетті. Тәуелсіздік жылдары Қытай Қазақстанға 20 миллиард долларға жуық инвестиция салды. Қазақстан арқылы Қытай және Азияның басқа да елдерін Еуропамен, сондай-ақ Таяу Шығыспен байланыстыратын 5 темір жол және 6

халықаралық автокөлік жолы өтеді. Бұл Қазақстан арқылы Қытайдан Еуропаға және кері қарай жүктерді 15 күнде жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан жоғары сапалы бидай экспорты бойынша әлемдегі алдыңғы 10 елдің қатарына кіретіні мәлім. Қытайға сапары барысында осы бағытты жандандыру мәселесі айтылды. Былтыр Қытайға экспортталған бидай көлемі 550 мың тоннаға жетті. Енді оны 3,5 есеге, яғни 2 миллион тоннаға дейін ұлғайтуға әлеуетіміз жетеді. Сондай-ақ жылына 100 мың тоннаға дейін ас тұзын, сүт өнімдерін, құс етін, сиыр етін, қой етін, шошқа етін, ұн, дәнді және бұршақ, майлы дақылдар жеткізуге мүмкіндік бар. Мұның бәрі екі ел арасындағы көп деңгейлі қарым-қатынастың біте қайнасақын көрсетсе керек. Осы сапар барысында инфрақұрылым, сауда, инвестиция, қаржы, ауыл шаруашылығы, технология салаларын қамтитын бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды.

Мемлекет басшысы «экологиялық таза азық-түлік өндірісін ұлғайтып, Қытай нарығына шығаруға ниетті» екенін атап өтті. Ендеше, сыртқы саясаттағы қадамдар мемлекетімізге, ұлттық бизнеске, әр азаматқа нақты пайдасын тигізеді деп айтсақ қателеспейміз.

Қ.Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасында да, ұлықтау рәсіміндегі сөйлеген сөзінде де бейбітшіл, теңгерімді, сындарлы сыртқы саясат жүргізетінін айтып өткен-тұғын. Сондай-ақ саяси, сауда-экономикалық, мәдени, гуманитарлық салаларда ұлттық мүддені қорғайтынын да мәлімдеді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, мұның алғышарттары жасалды. Бұған елордада өткен кездесулерде де куә болдық. Мемлекет басшысы бүгінге дейін 28 рет шетелдік қонақтармен кездескен екен. Олардың арасында Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Алексей Бородавкин, АҚШ Мемлекеттік хатшысының орынбасары Дэвид Хэйл, Еуропалық одақтың Орталық Азия жөніндегі арнайы өкілі Петер Буриан, Ислам даму банкі тобының президенті Бандар Хаджар секілді мәртебелі меймандар бар.

Осы орайда, Мемлекет басшысының кездесулері екі бағытта

өрбігенін айта кеткен жөн. Біріншісі – саяси бағдар. Яғни, АҚШ Мемлекеттік хатшысының орынбасары Дэвид Хэйл, Орталық Азия елдерінің сыртқы істер министрлері, Еуропалық одақтың Орталық Азия жөніндегі арнайы өкілі Петер Буриан, АҚШ конгрессмендері Девин Нуньеспен Рик Кроуфордпен кездесу арқылы прагматикалық, конструктивті, көпвекторлы сыртқы саяси бағытымызды жалғастыра беретінімізді байқатты.

Екінші бағыт – инвестициялық-экономикалық бағдар. Қазіргі таңда әлем елдері оқшау, ешкіммен араласпай өмір сүре алмайтыны белгілі. Халықаралық аренада ұлттық мүддемізді қатаң сақтап әрі қорғай отырып, инвестициялық саясат жүргізудің маңызы зор. Қазақстан әлемде өзін бейбітсүйгіш, ашық, сенімді мемлекет ретінде үлкен беделге ие және халықаралық істерде жауапты серіктес ретінде танылды. Қ.Тоқаев сайлауалды бағдарламасында елімізге инвестициялар тартуда Қазақстанның осы уақытқа дейінгі халықаралық сенімін тиімді пайдаланатынын жеткізген-тұғын. Осы бағытты одан әрі жалғастыру үшін Мемлекет басшысы Францияның Экономика және қаржы министрі Бруно Ле Мэр, Дүниежүзілік банктің вице-президенті Сирил Мюллер, Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Сума Чакрабарти, Ислам даму банкі тобының президенті Бандар Хаджар секілді әлемдік экономикаға ықпалды тұлғалармен «Anadolu Group» компаниясының президенті Тунджай Озилхан, ExxonMobil Production Company президенті Нил Даффин, «Шеврон» компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы және бас атқарушы директоры Майкл Уирт секілді елімізге инвестиция салған компаниялар өкілдерін қабылдап, алдағы даму бағытымыз туралы сұхбат құрды.

Айтпақшы, мына нәрсеге назар аудару керектің жөн көрдік. Президент кездесуде ағылшын, француз, қытай тілдерінде емін-еркін сөйлейтін полиглот ғана емес, сыртқы саясаттың бүге-шігесіне дейін білетін саясаткер екенін сұхбаттасушыларға мойындата білді. Бұған Қытайда елшілікте қызмет атқарғаны, БҰҰ Женевадағы бөлімшесінің Бас директоры және БҰҰ Бас хатшысының орынбасары қызметін атқарғаны өз септігін тигізгені анық. Осындайда әйгілі тұлға Нелсон Манделаның «Егер біреумен түсінікті тілде сөйлессен, тіл табыса аласың. Ал оның ана тілінде сөйлер болсаң, ол сені жүрегімен түсінеді» деген сөзі ойға оралады. Ендеше, Президент инвесторлардың ана тілінде сөйлеу арқылы олардың жүрегімен түсінуіне жағдай жасағанына сеніміміз мол.

Жалпы, Президент сыртқы саясатта аса үлкен өзгерістер жасамай-ақ, Қазақстанның геосаяси жағдайынан туған көпвекторлы бағытты ұстанатынын көрсетті. Дипломатиялық қызметтің барлық лауазымдарында жұмыс істей отырып, іс жүзінде үлкен саясатта тепе-тең жол жүріп, саясат Олимпіне шықты. Халықаралық аренада саяси шешімдер қабылдауға қатысатын, әлемдік деңгейде орны бар саясаткерге айналды деп кесіп айтуға толық негіз бар.

Халық пікіріне құрмет

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуының жарқын келешегі жолында татулық, бірлік мәселесін ең басты құндылық ретінде ұстана отырып, әрбір азаматтың мүддесін қорғауға ант берген болатын. Азаматтардың саяси көзқарастары мен ұстанымдарына қарай бөлуге жол бермейтіндігін айтқан Президент, өзі уәде бергеніндей, ашық әрі әділ жұмыс істеу бағытындағы маңызды қадамдарды жүзеге асыра бастады.

Қоғамда қордаланған мәселелерді, әрине аз уақыт ішінде шешу оңайға соқпайды. Тіптен, онжылдықтар бойы күрмеуін шешетін күрделі мәселелер бар. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет басшылығына келген күннен бергі аралықта елдегі әлеуметтік мәселелерге бірден назарын аударды. Президенттің әдегеннен әлеуметтік саладағы мәселелерді шешіп, кіші және орта бизнеске көңіл аудару бастағаны жұртшылықтың Президентке деген сенімін арттыра түскендей. Ал бүгінгі жағдайда халықтың басқару жүйесіне деген сенімі аса маңызды. Сонда ғана реформалар кезеңімізге жүзеге аса бастайды. Микро және шағын бизнес экономиканы алға сүйрейтін тетіктердің бірі дейтін болсақ, салық жүйесіне үш жылға мораторий жариялануының өзі кәсіпкерлерге үлкен жеңілдік береді.

Президенттің мұғалімдердің мәртебесін көтеруге байланысты бастамасын толық құптаймын. Мұғалімі қандай болса, баланың білімі де сол дәрежеде болады. Егер де мұғалімнің табысы төмен болып, отбасының көкейкесті мәселесімен айналасып жүрсе, болашақ ұрпаққа қандай білім бере алады?.. Сондықтан да Президенттің педагог мәртебесін заңмен бекітіп, білім саласына үлкен қолдау көрсетуі келешегіміздің жағдайын ойлауы дер едім.

Мемлекет басшысының зейнетақы саласына көңіл бөлуі, саланы экономикаға қарай жұмылдыру мәселесін көтеруі келешегімізге, қарт адамдарға деген қамқорлығының нышаны. Ал Президенттің көппартиялық жүйеге жол ашып, жағдай жасаймыз деуі ашық ойлардың айтылып, қоғамдағы түйткілді мәселелерді көтеруге бастаған маңызды қадамы деп қабылдаймын. Сондай-ақ митинг өткізуге рұқсат беруі, әрбір азаматтың ойымен санасып, олардың пікіріне құрметпен қарауына мензейді. Сондықтан да Президент атап өткеніндей, митингтер заң аясында, өз ретімен, тәртібімен өтуі қажет.

Президент сонымен қатар аймақтарға сапары барысында жергілікті басқару органдарына әлеуметтік салаға бетбұрыс жасап, халықтың жағдайын көтеруге шақырып жүргенінің куәсі болып жүрміз. Соның арқасында қазіргі кезде аймақтардағы қордаланған мәселелер көтеріліп, тиісті орындардың назарын аудару бастағандай. Осы тұрғыда айтарым, билік құрылымдарында жас мамандарды даярлау, білімді, ызық ойлы азаматтарды тәрбиелеп, ортаға тарту еліміздің ахуалдың өзгеруіне зор ықпалын тигізеді сөзсіз.

Бүгінде Қазақстанның сыртқы саясаттағы рөлінің ел ішіндегі тұрақтылыққа тікелей әсерімен байланысты екендігін айта кеткеніміз жөн. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тәжірибелі дипломат ретінде бұл бағыттағы мәселелерді де жіті бақылауда ұстап отыр. Бүгінде әлемдегі жағдай тұрақты емес. Америка, Еуропа, Қытай, Ресей, Украина елдеріндегі болып жатқан жағдайлардың Қазақстанға әсері бар. Президенттің жақында Қытайға жасаған сапары барысында да көптеген түйткілді мәселе айтылды. Сондықтан да көрші мемлекеттермен татулық мәселесі – еліміз саясатының басты тетігі, яғни сыртқы саясатта татулығымыз, ішкі тұрақтылығымыздың кепілі. Бүгінде әлем бізге көз тігіп, жаңа Президенттің іс-қимылын жіті бақылауда ұстап отыр. Сондықтан да ел болып Президентіміздің бастамаларына қолдау білдірсек, Қазақстан әлемдік дәрежедегі биіктен көріне алады. Әрі Президент бастамасын жылдам, сапалы әрі уақтылы іске асырсак, көп нәрседен ұтамыз.

Сейдахмет ҚҰТТЫҚАДАМ,
саясаткер, қоғам қайраткері

АЛМАТЫ